

"Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы Қарабатыр ауылы әкімінің 2023 жылғы 25 мамырдағы № 5-ш шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19 бабына, 69 бабтың 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 35 бабына сәйкес Қарабатыр ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қарабатыр ауылының аумағында орналасқан жалпы ауданы 8,36 га, жер участкесіне шектеулі мақсатты пайдалану құқығы берілсін, "(10450 м x 2 x 4 м / 10000 = 8,36 га) газ құбырын тарту және пайдалану үшін" қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қамысты ауданы әкімдігінің "Қарабатыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) Осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкіне енгізу үшін жолдансын;

2) Осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Б. Оспанов